



Абай елі

Берекелі болса ел, жағасы жайлау ол бір көл!

АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

БАСЫЛЫМ 1935 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

№45 (835)

1 - 7 желтоқсан 2025 ЖЫЛ

Әкім есебі

ХАЛЫҚ СӨЗІ НАЗАРДА



Ауыл – қазақтың алтын ұясы. Өңір экономикасын дамытуда ауылдың әлеуетін көтерудің де маңызы жоғары. «Ауыл көркейсе – ел өркендейді» демекші, бүгінде Абай ауданына қарасты ауылдар оң өзгерістерге қадам басып, экономикалық ахуал жақсарып келеді. Ауыл көркі де бұрынғымен салыстырғанда айтарлықтай ажарлы. Тұрғындардың да тазалыққа, туған өлкесінің көркейіп-гүлденуіне деген көзқарасы ерекше қалыптасқан. Мұны біз – аудан әкімінің ауыл-аймақты аралап, халықпен өткен келелі кездесулері барысында айқын аңғардық.

Өткен аптада ел тарихындағы айтулы оқиға – 2500 ауыл әкімінің бас қаладан бір мезетте табысуы елдің назарын аударды. Астанада алғаш рет өткен ауыл әкімдерінің ұлттық диалог платформасы шалғай елді мекендердің өзекті мәселелерін республикалық деңгейде көтеруге мүмкіндік берді. Бұл жиынға Абай ауданынан да 3 ауыл әкімі қатысып, тәжірибе алмасып, тың идеялармен оралды.

Мемлекеттің қарқынды дамуы үшін әр өңір белгілі бір талап үдесінен шыға білуі тиіс. Бұл еліміздің түрлі деңгейдегі әкімдерінің, яғни жергілікті билік өкілдерінің біліктілігі мен олардың атқарып отырған жұмыстарының жүйелілігімен өлшенетіні белгілі. Дәстүрге айналған аудан әкімінің халық алдындағы есеп беруі – осы мақсатты көздейді. Аудан әкімінің ел алдында есеп беруі атқарылған жұмыстарды тиісті деңгейде бағалап, орындалмағандарын жедел түрде шешу үшін күш жұмылдыруға және де алдағы міндеттерді айқындап, нақтылауға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ бұл әкімдердің іскерлігі сыналатын кезең.

Кеңгірбай Би



Осы орайда аудан басшысы Мейіржан Серікбосынұлының жұмыс кестесіне сәйкес аудан халықымен тұрақты кездесуі басталды. Алғашқы кездесу іргемізде жатқан Кеңгірбай би ауылдық округінде өтті. Жиынға мәслихат төрағасы М.Нұрсұлтанұлы, сала мамандары, ауылдық округ әкімі Д.Амангелдин және ауыл тұрғындары қатысты. Ең алдымен, Кеңгірбай би ауылдық округінің әкімі Д.Амангелдин атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады.

Осыдан кейін аудан басшысы 2025 жылда аудан көлемінде атқарылған жұмыстар туралы баяндап,

алдағы жұмыс жоспарларымен бөлісті. Тұрғындар тарапынан жедел жәрдем көлігі, шаруа қожалықтарға электр желісін тарту бағытындағы жұмыстардың барысы, «Ауыл аманаты» жобасы аясында жеке кәсіпке берілетін несие, аудан орталығымен қатынайтын автобус көлігін ұйымдастыру сынды сұрақтар қойылып, заң аясында жауап берді. Кездесу барысында тұрғындарға «Таза Қазақстан» республикалық акцияға қатысып, санитариялық тазалық пен абаттандыру жұмыстарын жүргізуге шақырды.

Айта кету керек, аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында төрт ауылдық округте су құбырларын қайта жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде атқарылып келеді. Соның бірі – Кеңгірбай би ауылдық округіндегі жоба. Сондай-ақ, Мейіржан Серікбосынұлы аталған округке барып, жүргізіліп жатқан жұмыс барысын қадағалап, мердігер ұйым өкілімен жөндеу процесінің негізгі мәселелерін талқылады. Тиісті сала мамандарына жұмыстарды сапалы орындап, белгіленген жоспарға сай уақтылы аяқтауды тапсырды. Бұдан кейін жылу қазандығының жағдайын көрді. Бұл нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Қатты отынды қауіпсіз әрі ретімен сақтау және орналастыру бойынша жауапты мамандарға нақты тапсырмалар берілді.

Медеу



Аудан басшысы Мейіржан Серікбосынұлы Медеу ауылдық округінің тұрғындарымен жоспарлы кездесу өткізді. Алдымен су құбырын жаңғырту жұмыстарының жағдайын қарап шықты. Қазір жоба қарқынды жүріп жатыр, мердігердің мәліметінше, жөндеу жұмыстары жыл соңына дейін толық аяқталады деп күтілуде. Бүгінгі күнге дейін 40 жеке ауланың тұрғын үйіне су құбыры тартылды. Сонымен қатар ауылдағы жылу қазандығының жұмысын көрді. Қатты отынның қоры жеткілікті көлемде жеткізілген, қазандық қалыпты режимде жұмыс жасап тұр. Тиісті мамандарға жылу маусымының үздіксіз әрі қауіпсіз өтуін қамтамасыз ету бойынша тапсырмалар берілді. Осыдан соң ауылдың клуб үйінде тұрғындармен кездесу өтті. Аудан басшысы ауылдық округ әкімі Е.Кеңесбекұлының баяндамасынан кейін 2025 жылы ауданда атқарылған жұмыстар жөнінде ақпарат беріп, алдағы жоспарлармен бөлісті. Кездесу барысында тұрғындар тарапынан аудандық маңызы бар жолдың сапасына, жедел жәрдем көлігінің жетіспеушілігіне, сондай-ақ мал қамайтын (раскол) орынның жағдайына қатысты сұрақтар көтерілді. Бұл мәселелер бойынша заң аясында түсініктеме беріп, әр ұсыныс назарында болатынын жеткізді.

Ауыл әкіміне аталған бағыттардағы жұмысты күшейтіп, нақты шаралар қабылдауды тапсырды. Тұрғындар көтерген мәселелер – аудан үшін маңызды, сондықтан олардың шешімі бақылауда болады.

Алыстағы ауылға, шалғайдағы елді мекенге барып, халықпен бетпе-бет сөйлесу, тік тұрып олардың өтініш-тілегін, сын-ескертпесін өз құлағыңмен есту – бұл әкімдерді қарапайым халыққа жақындата түсетін алғышарттың бірі және бірегейі. Соңғы жылдары әкім есебінің бітімі де бұрынғыдан өзгереді. Халықпен жүздесуге келген әкім сағаттап қағаз бетіне үңіліп баяндама оқымай, тұрғындармен еркін пікір алмасып, атқарылған жұмыстарды бүкпесіз әрі нақты жеткізіп жүр.

Басы. Жалғасы 2 - бетте

Жаңа тағайындау



2025 жылдың 30 қараша күні Кеңгірбай би ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Абай аудандық аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45 –бабына, 113-11 бабының 1) тармағына сәйкес, 2025 жылдың 02 желтоқсан шешімімен Жарасбаев Қуанышбек Асқарұлы Кеңгірбай би ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

Бүгін мәслихат төрағасы Мақсат Нұрсұлтанұлы және Абай аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Думан Маратұлымен арнайы Кеңгірбай би ауылдық округіне барып, жаңадан сайланған әкімді ұжыммен таныстырып, қызмет орнына отырғыздық.

Кеңгірбай би ауылдық округінің жаңа әкіміне қолдау білдіріп, ауыл ақсақалдары, зиялы қауым өкілдері, ауыл тұрғындары өздерінің ақ тілектерін білдіріп, еңбекке сәттілік тіледі!

Қуанышбек Асқарұлының жаңа қызметіне табыс тілейміз! Халықтың сенімін ақтап, Кеңгірбай би ауылдық округінің дамуы мен өркендеуі жолында абыройлы еңбек атқарады деген сенімдеміз!



Абай ауданы әкімінің өкімімен Амангелдин Дархан Амангелдіұлы Абай ауданы әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Дархан Амангелдіұлының мемлекеттік қызметтегі мол тәжірибесі мен ұйымдастырушылық қабілеті ауданның дамуына оң ықпал етеді деп сенеміз.

Жауапты қызметіне сәттілік, ел игілігі жолындағы бастамаларына табыс тілейміз!



ХАЛЫҚ СӨЗІ НАЗАРДА

Құндызды



Аптаның алғашқы күні аудан әкімі М.Смағұловтың жұмыс сапары Шәкір елі Құндызды ауылдық округінен басталды. Ауыл тұрғындарымен кездесіп, жұртшылықты мазалаған қатты тұрмыстық қалдықтар төгетін орын салу, ауыл көшелерін асфальттау, дәрігер маманның тапшылығы сынды өзекті сұрақтарға жауап беруге тырысты.

Сондай-ақ, Құндызды ауылдық округіндегі бірқатар инфрақұрылымдық жобалардың орындалуы барысын аралап көрді. Тамыз айында республикалық бюджет есебінен басталған су құбырларын қайта жаңғырту жұмыстары белгіленген жоспарға сәйкес жүзеге асуда. Биылға межеленген жұмыстар толық орындалып, жоба келесі жылы толығымен аяқталатын болады.

Сонымен бірге, ауылдағы хоккей кортының құрылысы мен бос тұрған екі қабатты ғимаратты балабақша ретінде қайта бейімдеу жұмыстарының барысын бақылады. Қажетті тапсырмалар ауылдық округ әкімі Д.Ысқақовқа жүктеліп, аталған нысандардың сапалы әрі уақытында аяқталуы бақылауында болатынын атап өтті.

Көкбай

Аудан әкімінің сапары тұс ауа Көкбай ауылдық округінде жалғасын тапты. Көкбай ауылының тұрғындарымен кездесу алдында екі жылдан бері аяқталмай тұрған спорт модулінің құрылыс барысын барып көрді. Нысанда мердігер мекеме өкілімен кездесіп, жұмыстардың уақытша тоқтау себептері талқыланды.



Содан кейін әкім лық толы ауылдық мәдениет залында тұрғындармен кездесті. Әрбір кездегі үміт, әрбір жүздегі шырай – ауылдың рухын сездірумен қатар, кездесудің маңызды екендігін көрсетті. Басқосу барысында әкім атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларды баяндап, тұрғындардың сауалдарына жауап берді. Қойылған әр ұсыныс тиісті сала басшыларына тапсырма ретінде жолданды. Ал мұндай сәт – ауылдың әлеуметтік дамуы үшін маңызды қадам екенін көрсетті. Осыдан кейін кездесуде ауыл әкімі Қ.Қасқеновтің жылдық есебі тыңдалды. Одан соң аудан бойынша жыл басынан бері атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Ауыл азаматтары тарапынан малға арналған құдық қазу, жем-шөп жеткізуге қолдау көрсету, ауыз су жүйесіне фильтр орнату, учаскелік полиция қызметкерін қызметтік көлікпен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар айтылды. Тұрғындардың көтерген мәселелеріне тоқталып, қойылған сұрақтарға заң аясында жауап берілді.

Бұл өтініштер назарға алынып, тиісті сала басшыларына орындау үшін тапсырмалар берілді.

Тоқтамыс



Аудан басшысы Мейіржан Серікбосынұлының кезекті аудан халқымен кездесуі Тоқтамыс ауылында жалғасты. Алдымен ауылдағы Ж.Молдағалиев

атындағы орта мектепке барып, білім ордасының қазіргі жағдайымен танысты. Биыл облыстық бюджет есебінен мектепке бірқатар ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оқу кабинеттері жақсартылған болатын.

Алайда, білім ордасы қазіргі уақытта жылыту панельдерімен жұмыс істеп тұрғандықтан, шығын көлемі айтарлықтай артып отыр. Осы мәселеге байланысты алдағы уақытта тиімді шешу жолдары қарастырылды.

Одан кейін «Толғанай» балабақшасына барып, нысанның жалпы жұмыс барысын және балаларға жасалған жағдайды көрді. Балабақшаның жылыту жүйесі, топтардың жабдықталуы бойынша талқыланды.

Тоқтамыс ауылының тұрғындарымен өткен кездесу жиында ауылдық округ әкімі Д.Мұхтаровтың жыл ішіндегі атқарылған жұмыстар жөніндегі есебі тыңдалды. Аудан басшысы Мейіржан Серікбосынұлы 2025 жылдың 11 айында аудан көлемінде жүзеге асқан жобалар, инфрақұрылым саласындағы өзгерістер, әлеуметтік нысандарды жаңғырту және ауылды дамыту бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндап өтті.

Кездесу соңында жеке қабылдау ұйымдастырылып, тұрғын үй мәселесі, әлеуметтік қолдау, тұрақты жұмыспен қамтуға қатысты азаматтардың өтініштері қаралды. Әрине, шешілмеген, қордаланған, кезегін күткен түйткілді істер де көп. Десе де, барлығы өз кезегімен шешімін тауып келе жатқаны тұрғындарға қуаныш сыйлады.

Бұл жиында аудан басшысы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді баяндап, тұрғындармен еркін пікір алмасуға мүмкіндік берді. Мұндай ашық әрі жемісті кездесулердің нәтижесінде ауыл халқының мұң-мұқтажы мен ұсынысы тыңдалып, оларды шешу жолдары талқыланды. Аудан әкімі кездесу барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге баса назар аударып, жауапты мамандарға бірқатар маңызды міндетті жүктеді.

Саржал



Келесі бағытымыз Саржал ауылдық округі болды. Мейіржан Серікбосынұлының аудан халқымен кездесуі Саржал ауылдық округінде жалғасты. Жиынға мәслихат төрағасы М.Нұрсұлтанұлы, бөлім мен мекеме басшылары, ауылдық округ әкімі С.Қадыров және ауыл тұрғындары қатысты. Ауыл әкімі С.Қадыровтың жылдық есебін тыңдағаннан кейін, аудан басшысы 2025 жылы аудан көлемінде жүзеге асқан жобалар мен атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Кездесуге келген ауыл азаматтары тарапынан орталық аурухананың медициналық қызмет көрсету сапасы жөнінде бірқатар ұсыныстар мен өтініштер айтылды. Аудан басшысы тұрғындар көтерген мәселелерді мұқият тыңдап, денсаулық сақтау саласындағы жұмыстарды күшейту, қызмет көрсетуді жақсарту бойынша нақты шаралар қабылданатынын атап өтті.

Кездесуден кейін азаматтарға жеке қабылдау өткізілді. Қабылдау барысында тұрғын үй, әлеуметтік қолдауға қатысты мәселелер қаралып, заң аясында жауап берді.

Сондай-ақ, аудан басшысы Мейіржан Серікбосынұлы Саржал ауылында жүзеге асырылып жатқан бірқатар инфрақұрылымдық жобалардың барысын арнайы барып бақылап көрді. Облыстық бюджет есебінен бой көтеріп жатқан спорт кешенінің құрылысына ат басын бұрды. Қазіргі таңда нысан бойынша осы жылға жоспарланған жұмыстар толығымен аяқталған. Құрылыс қарқыны тұрақты, мердігер бекітілген кестеге сай жұмыс істеп жатыр. Бұл спорт кешені 2026 жылы толық аяқталып, халық игілігіне беріледі.

Бір ғана бұл емес, биыл әлеуметтік осал топтағы азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету бағытында Саржал ауылында екі пәтерлі екі тұрғын үйдің құрылысы аяқталу сатысында. Жыл соңына дейін үйлер мемлекеттік тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға заң тәртібімен табысталады деп жоспарлануда. Ауылдағы тағы бір маңызды жоба – қатымхананың құрылысы. Бұл нысан толықтай ауыл азаматтарының демеушілігімен салынып жатыр.

Қасқабулақ

Аудан әкімі Мейіржан Смағұловтың осы жылдың екінші жартыжылдығындағы халықпен кездесулері мәресіне таяп қалды. Өткен аптаның аяғында аудан басшысы бастаған жұмыс тобы Қасқабулақ ауылына арнайы барып, тұрғындардың талап тілегін тыңдап, атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Жиынға мәслихат төрағасы М.Нұрсұлтанұлы, бөлім және мекеме басшылары, ауыл әкімі А.Құсайынов және ауыл тұрғындары қатысты.

Ауылдық округ әкімі А.Құсайыновтың жылдық есебін тыңдағаннан кейін, аудан басшысы 2025 жылы аудан көлемінде атқарылған жұмыстар туралы баяндап, тұрғындардың сауалдарына жауап берді.

Қасқабулақ ауылының жол бойында орналасуына байланысты жолаушылар көптеп өтетіні белгілі.



Осыған орай, ауыл ақсақалы ауыл аумағынан этноауыл ашып, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын нысан қалыптастыру жөнінде ұсыныс білдірді. Сонымен қатар, Ералы көшесіне жол салу және жарық шамдарын орнату қажеттілігі туралы өтініштер айтылды. Барлық сұрақтарға заң аясында түсініктеме беріліп, ауыл әкіміне тиісті тапсырмалар жүктелді.

Кездесуден кейін жеке қабылдау өткізілді. Қабылдау барысында ауыл азаматтары әлеуметтік көмек, жеке кәсіпке қолдау көрсету, жайлаудан жайылымдық жер алып, өз техникаларымен кәсіп бастау мәселелері бойынша өтініштерін жеткізді. Аудан басшысы әр өтініш бойынша түсіндірме беріп, заң аясында қолдау көрсету жолдары қарастырылатынын атап өтті.

Жұмыс сапары барысында әлеуметтік осал топ өкілдеріне арналған тұрғын үйлердің құрылыс барысын көрді. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жоспарға сай жүргізілуде. Алдағы уақытта төрт отбасыға тұрғын үй кезегінің заңдылығы аясында баспана кілттері табысталады деп күтілуде.

Сонымен қатар, «Ауылқұтқарушылары» бағдарламасы аясында бой көтерген өрт сөндіру бекетінің жұмысын қарап шықты. Нысанның материалдық-техникалық жарақтандырылуы, қызметкерлердің жұмысы және алдағы уақытта атқарылуы тиіс міндеттер талқыланып, нақты тапсырмалар берілді.

Алдағы уақытта «Қазақстан халқы» қорының қолдауы аясында ауылдық кітапханаға жөндеу жұмыстары жүргізілмек. Осыған орай кітапхана нысанының қазіргі жағдайын көріп, жөндеу қажеттіліктері мен жоспарланған жұмыстар талқыланды.

Қарауыл

Аудан әкімінің тұрғындармен кездесуі аудан орталығы Қарауылда қортындылады. Кездесуге мәслихат төрағасы М.Нұрсұлтанұлы, Қарауыл ауылының әкімі Е.Дүйсембеков, бөлім және мекеме басшылары, ауыл тұрғындары қатысты.

Алдымен Қарауыл ауылының әкімі Е.Дүйсембековтің есептік баяндамасы тыңдалды. Одан кейін ауданда жыл басынан бері халық игілігі үшін жүзеге асқан жобалар мен алдағы жоспарлар жайында баяндады.



Жиын барысында тұрғындар тарапынан бірнеше маңызды мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, мүмкіндігі шектеулі балаларды реабилитациядан өткізуге қатысты ұсыныстар, Ақылбай көшесіне жарық шамдарын орнату және жол салу қажеттігі айтылды. Сонымен қатар, көпбалалы отбасыға тұрғын үй бойынша қолдау көрсету мәселелері де көтерілді.

Барлық сұрақтарға заң аясында жауап беріп, айтылған мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді.

Жиыннан кейін ауыл тұрғындарын жеке қабылдады.

Бұл кездесу – тұрғындардың үніне құлақ асу, нақты шешім қабылдау және ауылдағы сенім мен ынтымақтастықты нығайту жолында атқарылған маңызды қадам болды. Аудан басшысы М.Серікбосынұлы алты ауылдық округте өткізген есепті кездесулері – халықпен тікелей диалог орнатудың маңызды үлгісі болды. Жарық, жол, ауыз су, абаттандырудан бастап, қоғамдық қауіпсіздікке қатысты сұрақтар қаралды. Жарықтанған көшелер, жөнделген жолдар, жаңа спорт кешені мен жаңартылған инфрақұрылым – ауылдардағы өзгерістердің көзге көрінетін нәтижесі. Тұрғындар өз ойларын ашық жеткізіп, билік әрекеттеріне сенім артып, ауылдың дамуына үлес қосуға мүмкіндік алды.

Қорыта айтқанда, кездесулердің басты мәні – халық үніне құлақ асып, ұсыныстарға назар аудару арқылы ауылдың әлеуметтік дамуын жүйелі түрде қамтамасыз ету. Әр қадам халық игілігіне бағытталған, ал сенім мен ынтымақтастық – ауыл дамуының басты кепілі.

«Абай елі» ақпараты



АУДАН БЮДЖЕТІНДЕ ӨСІМ БАР

Абай ауданы бюджетінің кірісі 2025 жылы 2 млрд 100 млн теңгеге жетіп отыр. Бұл туралы Абай ауданының кірістер басқармасының басшысы Оспанов Қайрат Қабиденұлымен сұхбаттасқан едік.



- Қайырлы күн, Қайрат Қабиденұлы, биылғы 2025 жылдың аяқталуына да санаулы күндер қалды, соған байланысты аудан бюджетінің қалай орындалып жатқаны жөнінде өзіңізбен біраз сұхбаттассақ деп едім. Бюджет кірістерінің орындалу барысы жөнінде айта кетсеңіз...

- Қайырлы күн! Абай ауданы бойынша биылғы жылы алғаш рет жергілікті бюджетке 2 млрд 100 млн теңге көлемінде салық және өзге де кірістерден түсім жиналды. Өткен жылдың осы уақытына аудан бюджетіне 1 млрд 610 млн теңге түскен болатын. Яғни былтырғы жылмен салыстырғанда 490 млн теңге бюджетке артық түсті немесе 130,4 пайызға өсім болып отыр.

Аудан бюджетіне қомақты қаржы Архат ауылында жұмыс жасап тұрған «Металл майнинг» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен, жергілікті жердегі «Дерикар» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен, ауданымыздағы шағын кәсіпкерлік субъектілері мен шаруа қожалықтарынан және мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардан түсіп отыр.

Абай ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына 2025 жылы жергілікті бюджетке 24 салық түрінен жоспар бекітіліп, 100 пайызға орындалды. Қазіргі уақытта келер 2026 жылға бюджеттің кіріс жоспарын анықтап, талқылап қарап жатырмыз.

Сонымен қатар, салықтық камералдық бақылау нәтижесінде және салық қызметкерлерінің үнемі жүргізетін тексерістері, салық органына тапсырылатын декларациялар мен жыл сайын қабылданатын салық төлеушілері есептерін салыстыра қадағалау нәтижесінде бюджетке қосымша 431,7 млн теңге қаражат түсіріліп отыр. Осы соманың 350 млн теңгені құрайтын үлкен бөлігі Архат ауылдық округінде жұмыс жасайтын «METALL MINING» ЖШС-нің кірісін тексеру нәтижесінде өндірілген болатын.

Сондай ақ, тақырыптық тексеру барысында арнайы маркасы тіркелмеген, контрабандалық жолмен әкелінген, ілеспе жүкқұжаттарыңыз жалпы көлемі 183,17 литр, жалпы сомасы 284020 теңге мөлшерінде алкоголь өнімдерін сату және сақтау

факті анықталған. Осының негізінде құжаттар Абай аудандық сотына жөнелтіліп, жалпы көлемі 959,0 мың теңге айыппұл салынып, заңсыз әкелінген өнімдер тәркіленіп, комиссия қатысуымен жойылып, әкімшілік шара қолданылды.

Аудан тұрғындары дүкендерден немесе әр түрлі сауда орындарынан сауда жасағанда чек талап етуі тиіс. Ол басылған фискальді чек қазіргі онлайн кассалық аппараттар тіркелетін болғандықтан салық органдарына көрініп тұрады. Сөйтіп кәсіпкерлердің нақты табысын бақылауға қосымша мүмкіндік береді.

Жұмыс орнымызда отырып біз күнделікті кассалық аппаратың басылмағаның, чек берілмей жатқаның біліп отырамыз. Сондықтан, қосымша камералдық бақылау, тексеріс жасаймыз.

Жалпы салық төлеушілердің, салығын уақытында төлемейтіндердің, есебін уақытында тапсырмайтындардың барлығының есебі үнемі біздің бақылауымызда. Оны қазіргі уақытта кәсіпкерге тексеруге бармай-ақ, электронды түрде кабинетте бақылауда ұстап, талдау жасап отырамыз.

139 салық төлемгеріне әкімшілік құқық бұзушылық шара қолданылды. Оның ішінде, төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығын төлеу мерзімінен кешіктіріп төлеген 57 салық төлемгеріне 560 мың теңге айыппұл салынып, толық өндірілді. Электронды шот фактураны жазу мерзімін бұзғаны үшін 28 салық төлемгеріне ескерту толтырылып, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасаған әрекеті үшін 15 салық төлемгеріне 589 мың теңге әкімшілік айыппұл салынып, толықтай өндірілді.

1.10.2025 жылға аудан бойынша 145 заңды тұлға, 508 шаруа қожалығы, 67 жалпыға бірдей салық тәртібімен жұмыс жасайтын кәсіпкер, 728 оңайлатылған декларациямен жұмыс істеуші кәсіпкер, 20 патент арқылы жұмыс жасайтын кәсіпкер, 2452 көлік салығын төлеуші, 2664 жер салығын, 2724 мүлік салығын төлеуші тіркелген. Аудан бойынша шағын және орта бизнес субъектілері саны (заңды тұлғалар) – 66, оның ішінде 51 ЖШС, 14 өндірістік кооператив, 1 акционерлік қоғам тіркелген. Шағын кәсіпкерлік субъектілері саны – 1344.

- Жаңа салық кодексі бекітіліп жатқанын естіп отырмыз, соған байланысты нақты өзгерістерді қысқаша айтып өтсеңіз?

Әрине, біраз өзгерістер бар. Корпоративтік табыс салығы жөнінде айтатын болсақ: Төлеушілер ҚР резидент заңды тұлғалары, ҚР-да қызметін тұрақты мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидент заңды тұлғалар болса корпоративтік табыс салығы мөлшерлемесі 20 пайыз болады. Аванстық төлемдер бойынша шек 350 000 АЕК-тен 600 000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Декларация тапсырғанға дейінгі аванстық төлемдер бойынша есеп алынып тасталды.

Қосымша құн салығы (ҚҚС) жөнінде айтсақ: оның базалық ставкасы ай-

налым мен импортқа бұрын 12 пайыз болса, енді 16 пайыз деңгейіне дейін көтерілді. Міндетті тіркеуге алынатындар – жылдық айналымы белгілі бір шектен, яғни, 10 000 АЕК-тен (43425 мың теңге) асқан кезде ҚҚС төлемгері болып тіркелуі керек.

«Жеке меншікке» салық, оның ішінде жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық туралы айтсақ: пайдалану мерзімі 10 жылдан асқан көлікке 30 пайыз жеңілдік жасалатын болды. Пайдалану мерзімі 20 жылдан асқан (өз атында тұрып) көлік құралдарына 50 пайыз жеңілдік жасалатын болды. Шаруа қожалықтарының 1 пикап көлігі салық төлеуден босатылады. 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін жеке тұлғалардың 2025 жылға есептелген көлік құралдарына салынатын салығы төленетін болғандықтан, бұл жеңілдіктер 2027 жылдан қолданысқа енгізілетін болады.

Жер салығы бойынша: елді мекендер шегіндегі межелі ауыл шаруашылық жерлері бойынша салықты есептеу нақтыланды. Мақсаты бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша салық мөлшерлемесі 40 есеге ұлғайтылатын болды.

Мүлік салығына келсек: Егер міндеттемелер сомасы 300 АЕК-тен аспаса ағымдағы төлемдер есебі жойылды. Салық базасы мүлікті қайта бағалауды ескере отырып, бухгалтерлік есеп деректері бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің орташа жылдық баланстық құны болып табылады. Бұл ретте мүлікті мұндай бағалау әрбір үш жылда кемінде бір рет жүргізілуі тиіс (әрбір үш жыл сайын мүліктерін бағалату керек болады).

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап мүлдіктік табыс салығы бойынша тұрғын үйлерді, саяжай құрылыстарын, гараждарды, тұрақ орындарын, қоймаларды, жеке қосалқы шаруашылық объектілерін сату кезінде құн өсімінен түсірілген табысты айқындау кезеңі 2 жылға ұлғайтылды.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап арнаулы салық режимі 7 ден 3 ке қысқартылды. Оның ішінде патент, мобильді қосымша, бөлшек салық және т.б. алынып тасталды. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап арнаулы салық режимдері төмендегідей болып бекіді:

1. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнаулы салық режимі, бұл бойынша жеке тұлғаның айлық кіріс шегі 300 АЕК (1,3 млн теңге), жалдамалы жұмысшы тіркей алмайды. қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлері тек тізімге сәйкес. Бұрынғыдай патенттік жүйе деген болмайды, өзін-өзі қамтығандарға салынатын салық болады.

2. Оңайлатылған негіздегі арнаулы салық режимі, бұл режим бойынша дара кәсіпкерлер, Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер кірісі 600 000 АЕК (2,4 млрд) теңге, жалдамалы қызметкерлер саны шектеусіз, қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлері тек тізімге сәйкес.

Бұрын оңайлатылған декларация бойынша кірістен 3 пайыз салық

төлеп келген болса, биылғы жылдан бастап ол жаңа салық кодексінде 4 пайыз болып бекітілген. Алайда, жергілікті атқарушы органдар 2 пайызға дейін төмендетуге немесе 6 пайызға дейін көтеруге құзырлы. Біздің аудан бойынша аудандық әкімшілік маслихат депутаттарымен сараптап талқылай отырып, осы ставка 2 пайызға дейін төмендетілді. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Абай аудандық маслихатының шешімімен жеке тұлғалар мен жеке бизнес субъектілеріне 50 пайызға төмендетіліп, яғни, 2 пайыз болып бекітілді. Бұл аудан кәсіпкерлері үшін үлкен көмек, қуанарлық жағдай деп ойлаймыз. Мысалы, бұрын 1 млн табыстан 30 мың салық төлесе, бұл өзгеріс бойынша 20 мың төлейді.

Сонымен қатар, жекелеген қызмет түрімен айналысуға (алкоголь өнімін өткізу) лицензияларды пайдалану үшін төленетін төлемнің әр тоқсан сайынғы төлемі алынып тасталды.

3. Шаруа немесе фермер қожалықтарына арналған арнаулы салық режимі, бұл режимге орай шаруа қожалықтарына салық жеңілдіктері сақталады, тек жеке табыс салығы түрінде салық салынады. БЖС алынып тасталды. Салық кірістен 0,5 пайыз мөлшерінде төленеді.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап 1 наурыз аралығында қолданыстағы арнаулы салық режимін ауыстыруға салықтық өтініш беру міндеттелген.

Салық Кодексінің талаптарына сәйкес жеке кәсіпкерлік субъектілері тауарларды сату, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде салық Кодексінің 166-бабының 1-тармағына сәйкес, фискалдық деректерді беру функциясы бар онлайн бақылау-кассалық машинасы (БKM) арқылы жүзеге асатындығын ескере отырып, БKM орнатпау және қолданбау Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 284-бабына сәйкес, алдымен ескертуге, қайталанған жағдайда айыппұл салуға әкеп соғатынын ескертеміз.

Жалпы, салық есептіліктері 30 пайызға дейін азайтылып, қысқартылды.

Жылды қорытындылау қарсаңы болғандықтан, ауданымыздағы бюджеттен қаржыланатын барлық мекемелер қызметкерлерінің жалақыларын, жәрдем ақыларды төлеуде, жарық пен жылу-ды қамтамасыз етіп, елді мекендерді абаттандыруда, аудан экономикасының қаржылық көрсеткіштерін, аудан халқының тұрмыс тіршілігін оңалтып, аудан бюджетінің кірісін орындауға үлкен үлес қосып, отырған барлық кәсіп иелері мен салық төлемгерлерінің жұмыстарына табыс, сәттілік тілеймін.

- Қайрат Қабиденұлы, аудан халқы үшін қажетті ақпараттармен бөліскен мағыналы сұхбатыңыз үшін сізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан:
Анар СӘРСЕНБИНА,
"Abai eli" газетінің жауапты хатшысы, журналист



БАЛАЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫ - БАСТЫ НАЗАРДА

Қазіргі кезде балалар арасында түрлі вирустық індеттердің белең алуы ата-аналарды алаңдатып отыр. Әсіресе маусымдық аурулардың күшеюі балалар денсаулығына қатысты сұрақтарды көбейтті. Осы орайда біз аудандық балалар дәрігерімен тілдесіп, қазіргі жағдайды талқылап, сақтық шаралары және ата-аналарға қажетті кеңестер туралы сұхбаттастық.



Қайырлы күн, Маржан Қанатқызы! Алдымен өзіңізді таныстырып өтсеңіз.

— Сәлеметсіздер ме, құрметті “Абай елі” газетінің оқырмандары! Мен, Байботаева Маржан Қанатқызы, қазіргі таңда Абай аудандық ауруханасында 14-ші учаскелік дәрігер болып қызмет жасаймын.

- Қазір таралып жатқан вирустың негізгі ерекшелігі қандай? Ол балаларда қалай байқалады?

— Қазір таралып жатқан вирустың негізгі ерекшелігі — симптомдардың тез басталуы, тұрақты 38–40 °C және одан да жоғары температураның көтерілуі, сондай-ақ ұзаққа созылатын құрғақ жөтел. Балаларда бірден қызу көтеріліп, тамақтары қызарып, құрғақ жөтел пайда болады. Сонымен қатар төбеттің төмендеуі, шаршағыштық, ұйқышылдық, бас ауруы, құсу, іштің ауырсынуы, мұрынның бітелуі немесе мұрыннан қан кету секілді белгілер қосылуы мүмкін.

- Жалпы ауданымыздағы балалар денсаулығының қазіргі ахуалы туралы не айтар едіңіз?

— Ауданымыздағы балалар денсаулығының қазіргі жалпы ахуалы тұрақтанып келеді деп айта аламын. Көптеген ата-ана балаларын дер кезінде тексеруден өткізіп, аурудың алдын алу жолдарын үйреніп, соған баса мән беруде. Дегенмен жіті респираторлық вирустық инфекциялар ешқайда кеткен жоқ. Сол үшін біз-сіз болып балалар денсаулығына көбірек көңіл бөлуіміз қажет. Әрбір ата-ана үй жағдайында балаға қандай көмек көрсету керектігін білуі маңызды деп санаймын.

Вирус жұқтырған балалар саны күннен күнге азайып келеді. Қараша айының ортасынан аяғына дейін вируспен ауырған балалар саны шарықтау шегіне жеткен болатын. Ал қазіргі таңда жағдай тұрақталды. Бірақ респираторлық вируспен ауырған бала мүлдем жоқ деп айтуға да келмейді.

- Қазіргі таралып жатқан вирус маусымдық инфекциядан несімен өзгеше?

— Бұл вирус қандай да бір басқа жақтан келген жаңа вирус емес, жыл сайын қайталанатын респираторлық вирус. Жалпы жіті респираторлық вирустық инфекцияның аденовирус, парогрипп, риновирус және басқа да көптеген түрлері бар. Олардың әрқайсысы симптомдары мен қоздырғыштары жағынан бір-бірінен ерекшеленеді.

Осы жолғы жағдайдың қиындауы ата-аналардың ауру белгілері басталған сәтте емес, 3–4 күн өтіп, асқынған кезде ғана медициналық көмекке жүгінуінен болды. Соның салдарынан ауру барысы күрделеніп кетті.

- Ата-аналар балалардағы қандай алғашқы симптомдарға ерекше назар аударуы қажет?

— Жоғарыда айтылғандай, балада жоғары температураның болуы, мұрыннан көп мөлшерде су ағуы, түшкіру сияқты белгілер байқалса, дер кезінде ем тағайындалуы қажет. Вирусқа қарсы

препараттарды алғашқы 24 сағат ішінде берсек, олар тиімді әсер етеді. Ал дер кезінде емделмеген вирустық инфекция төменгі тыныс жолдарына түсіп, асқынулар тудыруы мүмкін.

- Үйде көрсетілетін алғашқы көмек қандай болуы тиіс?

— Үйде көрсетілетін алғашқы көмек өте қарапайым. Егер баланың температура-сы көтерілсе, Парацетамол немесе Ибупрофенді баланың салмағына қарай есептеп береміз. Шағын шпаргалка ретінде:

Ибупрофен 100 мг/5 мл болса — баланың салмағын 2-ге бөліп, сонша мл күйінде беріледі.

Мысалы: бала 10 кг → 10:2 = 5 мл

Ибупрофен 200 мг/5 мл болса — салмақты 4-ке бөлеміз.

Мысалы: 10 кг → 10:4 = 2,5 мл

Егер балада фебрильді құрысулар болмаса және өзін жақсы сезінсе, қызуды бірден түсірмей, 38,5–39 °C-қа дейін күтуге болады. Неге? Себебі жоғары температура вирусты организмнің өзі жоюына көмектеседі. Ал егер бала 38 °C кезінде өзін жайсыз сезінсе, төбеті төмендесе немесе фебрильді құрысулар болса, қызуды дереу түсіреміз.

Дәрілердің арасындағы интервалды сақтау өте



маңызды:

Парацетамол — кемінде 4 сағат

Ибупрофен — кемінде 6 сағат

Көп ата-аналардың жиі жіберетін қателіктері:

дәрі дозасын дұрыс есептемеу;

интервалды сақтамау;

температураны бірден түсіруге асығу;

баланы қатты қымтап қою.

Бұл — ең көңіл тараған және ең зиян қателіктердің бірі. Егер баланың қызуы көтерілсе, оны қалың орамай, керісінше жұқа киім кигізіп, бөлме температурасындағы суға малынған мата арқылы денесін сүрту керек. Су тым суық немесе тым ыстық болмауы шарт. Сүрту кезінде мойын, қолтық асты, шап аймағына ерекше көңіл бөлінеді. Сонымен қатар, жиі-жиі сұйықтық беру, бөлмені желдету, таза ауаға аздап шығару, нәрлі тамақтандыру — үйдегі ең маңызды көмектердің бірі.

- Қай жағдайда баланы міндетті түрде дәрігерге көрсету немесе жедел жәрдем шақыру керек?

— Дәрігерге симптомдар басталған сәтте тезірек көрсету қажет. Әр балаға оның жеке симптомдарына қарай ем тағайындалады.

Жедел жәрдемді дене қызуы түспей қойса, фебрильді құрысулар байқалса, баланың тыныс алуы қиындаса немесе тыныс алу жиілігі қалыптыдан артса, тамақтан бас тартса, санасы бұзылса (естен тану белгілері), іші өтіп, құсуы тоқтамаса немесе өзге де алаңдататын белгілер

болса, бірден шақыру қажет. Немесе баланы аурухананың қабылдау бөліміне алып келген дұрыс.

- Қазіргі вирус кезінде балаларды емдеудің негізгі тәсілдері қандай?

— Ем әр баланың симптомдарына қарай жеке құралады. Жалпы белгілерге қарсы ең бірінші — балаға жеткілікті ұйқы, тынығу және дұрыс тамақтану. Сұйықтықты көп ішу, қызуды бақылау (жоғарыда айтылғандай), мұрынды тұзды ерітіндімен шаю және басқа да жалпы қолдау шаралары пайдаланылады.

- Балалардың иммунитетін күшейту үшін күнделікті қандай қарапайым шараларды сақтаған дұрыс?

— Балалардың иммунитетін күшейту үшін күнделікті сақталуы тиіс қарапайым шаралар: дұрыс тамақтану, күніне 10–12 сағаттық терең әрі сапалы ұйқы, таза ауада серуендеу, дене белсенділігі (жеңіл жаттығулар, ойын, спорт), гигиена сақтау — қолды жиі жуу, ауыз шаю, тісті тазалау, жеке заттарды дұрыс пайдалану және су ішу режимін сақтау.

Осындай қарапайым әрекеттер болса да, пайдасы өте көп. Түсінемің, бірден режим өзгерту қиын, бірақ ақырындап дұрыс режимге көшсеңіздер, уақыт өте келе балаларыңыздағы жақсы өзгерістерді байқайсыздар.

- Мектеп пен балабақшадағы сақтық ережелеріне қатысты қандай кеңес бересіз?

— Мектепте, балабақшада немесе адам көп шоғырланған жерде міндетті түрде бір реттік медициналық маска кию қажет және оны әрбір 2–3 сағат сайын ауыстырып отырған дұрыс. Бұл — өзімізді басқалардан, басқаларды бізден қорғаудың тиімді жолы.

Қол жуу мен жалпы гигиена сақтау, антисептикалық ерітінділерді қолдану, бөлмелерді желдету, ауырған баланы оқшаулап, ауруханаға апару, жеке ыдыс пен жеке құралдарды пайдалану және дұрыс тамақтану — басты сақтық шараларының қатарында.

- Қорытынды сөз ретінде аудан тұрғындары мен ата-аналарға тілегіңізді білдірсеңіз.

— Құрметті аудан тұрғындары мен ата-аналар! Балалар — біздің болашағымыз, ертеңіміз. Келешегіміз жарқын болсын десек, бүгіннен бастап балаларымыздың денсаулығына ұқыппен қарайық! Баршаңыздың отбасыларыңызға мықты денсаулық, қажымас қайрат, бақытты да баянды ғұмыр тілеймін. Балаларымызды бақылап, дамуына көңіл бөліп, алдын алу шараларын сақтай отырып иммунитетті күшейтейік, аурудың алдын алайық.

“Абай елі” газеті қазіргі таңдағы өзекті тақырыпта сұхбат алып, ауданымыздың, соның ішінде балалардың денсаулығына назар аударып отырғандарыңызға алғыс айтамын! Сіздерге шалқар шабыт, еңбектеріңізге жеміс тілеймін!



Маржан Қанатқызы, уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға және пайдалы ақпараттар бергеніңізге рахмет! Мамандықтардың ішіндегі ең жауапты да мәртебелі саланың бірі — балалар дәрігері. Сіздердей жанкешті мамандардың еңбегі еселене берсін, жұмысыңызға толайым табыс тілеймін!

Сұхбаттасқан:
Жазира ҚАЖЫҚЫЗЫ,
«Абай елі»



2026 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ

«2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап:

Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 4 325 теңге мөлшерінде,
Ең төменгі күн-көріс деңгейі (ЕТКҚД) – 50 851 теңге,
Ең төменгі зейнетақы мөлшері – 69 049 теңге,
Базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 35 596 теңге.
Ең төменгі еңбекақы мөлшері - 85 000 теңге көлемінде белгіленді.

1. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап, жасы және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақылардың мөлшері 10% -ға арттырылды
2. Ең төменгі күн-көріс деңгейінің 50 851 теңгеге өзгеруіне байланысты базалық зейнетақы төлемінің мөлшері, мәселен, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күн-көріс деңгейі шамасының 70 пайызы (60 пайыздың орнына) мөлшерінде, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға арттырылады, бірақ ең төменгі күн-көріс деңгейі шамасының 118 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі. Бұл жаңа тағайындалған зейнеткерлерге және 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққандарға қатысты.
3. Мүгедектігіне және асыраушысынан айрылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері, оның ішінде Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында тұратын және түзеу мекемелерінде орналасқан адамдар үшін Кодекстің 177 және 236-баптарында көзделген мөлшерде 2026 жылғы 1 қаңтарда ЕТҚД мөлшерінің ұлғаюына байланысты (50 851 теңге) жоғарылатылады.
4. Мүгедектігіне және тағы басқа төленетін мемлекеттік арнайы жәрдемақылардың мөлшері айлық есептік көрсеткіштің мөлшері 4 325 теңгеге өзгеруіне сәйкес, көп балалы отбасыларына, батыр аналарға, ұлы отан соғысына қатысқандар, Ауғанстан және Тәжікстанда әскери



міндетін өтегендердің, жәргеақы, бала күтімі, экологиялық қосымша, дербес зейнеткерлердің алатын жеңілдіктері арнай мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері арттырылды.
4. Зейнеткерлікке шығу жасы биылғы жылға ерлер үшін 63 және әйел адамдар үшін 61 жас болып табылады. Жаңа тағайындалған зейнетақыны есептеу үшін ең жоғарғы табыс 2026 жылы 55 еселенген АЕК дан 55 АЕК аралығында көтерілді, яғни 237 875 теңгені құрайды.
5. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) еңбекке қабілеттілігінен айырылу (бұдан әрі – ӘТөа) және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдердің мөлшері «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2026 жылғы 1 қаңтарынан бастап арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы қаулысына сәйкес 2026 жылы 1 қаңтарынан бастап 10 % артады.
Бұдан басқа Кодекстің 85-бабының 2-тармағына сәйкес ала күтіміне байланысты ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері осы Кодекстің 76-бабына сәйкес ұсталуға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қосымша есептей отырып, осы Кодекстің 82-бабына сәйкес бала туу кезектілігіне қарай белгіленген бала күтіміне байланысты жәрдемақының мөлшерінен кем болмайды.
Осыған байланысты, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап бала бір жарым жасқа толғаннан кейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемнің мөлшері міндетті зейнетақы жарналарының қосымша есептелуін ескере отырып, бала күтімі бойынша

мемлекеттік жәрдемақының мөлшерінен кем болады.

6. 2026жылғы 1 қаңтардан бастап АЕК мөлшерінің артуына байланысты келесі жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің мөлшері артады:

Бала туғанда берілетін бір жолғы жәргеақының мөлшері:

Бірінші, екінші және үшінші бала туғанда – 164 350

Төртінші және одан кейінгі балалар туғанда – 272 475

Егіз, үшем, төрт бала қатар дүниеге келгенде, жәрдемақы әр сәбиге жеке-жеке төленеді.

Бір жасқа дейінгі бала күтіміне бала жасқа толғанға дейін республикалық бюджеттен төленетін жәрдемақы:

- 1 балаға – 5,76 АЕК немесе 24 912 теңге;
- 2 балаға – 6,81 АЕК немесе 29 454 теңге;
- 3 балаға – 7,85 АЕК немесе 33 952 теңге;
- 4 және одан көп балаларға – 8,90 АЕК немесе 38 493 теңге.

«Алтын алқа» иегерлерінің жәрдемақысы 32 005 теңге , «Күміс алқа» алқалы аналардың жәрдемақысы 27 680 теңге, «Батыр ана» алған аналар, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған алтын құрсақ аналардың жәрдемақы мөлшері АЕК нің 7,4 ке еселенді, немесе 32 005 теңгені құрады.

Көп балалы төрт және ода көп көмлетке толмаған балалары немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар көпбалалы отбасына, балалар санына байланысты төмендегі мөлшерге белгіленді:

- 4 балаға – 16,03 АЕК немесе 69 460 теңге;
- 5 балаға – 20,04 АЕК немесе 86 673 теңге;
- 6 балаға – 24,05 АЕК немесе 104 016 теңге;
- 7 және одан көп баласы бар отбасыларға – 28,06 АЕК немесе 121 359,5 теңге.

Сонымен қатар, Заңның 11-ші бабының 3-ші тармағына сәйкес, 5 және одан да көп баланы туған (асырап алған), оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйел адамдар 53 жасында зейнетке шыға алады, яғни зейнетақы жасы ұзартылмай 53 жаста зейнетке шығу құқығы сақталады.

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар және Арнайы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшерлері, күн-көріс деңгейімен айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты мөлшерлері төмендегідей:

01.01.2026 жылдан МӘЖ, МАЖ және АМЖ мөлшерлері

Төлемдер	ҚД немесе АЕК мөлшері	Коэфф ицие нт	01.01.2026 ж.мөлшері
Мемлекеттік Әлеуметтік Жәрдемақылар:			
Мүгедектігіне байланысты:			
1 топтағы жалпы аурумен ауратын мүгедектер	50 851	2,20	111 872
2 топтағы жалпы аурумен ауратын мүгедектер	50 851	1,76	89 500
3 топтағы жалпы аурумен ауратын мүгедектер	50 851	1,20	61 021
16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	50 851	1,61	81 870
1 топтағы бала жасынан мүгедектер	50 851	2,20	111 872
2 топтағы бала жасынан мүгедектер	50 851	1,83	93 057
3 топтағы бала жасынан мүгедектер	50 851	1,61	81 870
1 топтағы сәуле аурумен ауратын мүгедектер	50 851	3,22	163 740
2 топтағы сәуле аурумен ауратын мүгедектер	50 851	2,75	139 840
3 топтағы сәуле аурумен ауратын мүгедектер	50 851	2,31	117 466
1 топтағы 7 ден 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар	50 851	2,20	111 872
2 топтағы 7 ден 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар	50 851	1,83	93 057
3 топтағы 7 ден 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар	50 851	1,61	81 870
1 топтағы 7 ден 18 жасқа дейінгі сәуле аурумен ауратын мүгедек балалар	50 851	3,22	163 740
2 топтағы 7 ден 18 жасқа дейінгі сәуле аурумен ауратын мүгедек балалар	50 851	2,75	139 840
3 топтағы 7 ден 18 жасқа дейінгі сәуле аурумен ауратын мүгедек балалар	50 851	2,31	117 466
Асыраушысынан айрылуына байланысты МӘЖ:			
1 балаға	50 851	0,92	47 783
2 балаға	50 851	1,70	86 447
3 балаға	50 851	2,25	114 415
4 балаға	50 851	2,60	132 213
5 балаға	50 851	2,75	139 840
6 балаға	50 851	3,00	152 553
Арнайы Мемлекеттік Жәрдемақы :			
ҰОС қатысқандар:	4 325	16	69 200
ҰОС мүгедектері:	4 325	16	69 200
ҰОС қатысқандарға теңестірілгендер	4 325	6,19	26 772
ҰОС мүгедектеріне теңестірілгендер	4 325	7,55	32 654
ҰОС қатысқандардың, басқа некеге отырмаған	4 325	4,48	19 376

Жесірлеріне			
Сәуле ауруынан қайтыс болғандардың жаңұясына	4 325	4,59	19 852
ҰОС да мүгедектік алғандардың жесірлеріне	4 325	2,56	11 072
ҰОС кезінде тылда еңбек еткендерге	4 325	2,13	9 212
1 және 1 топ мүгедектеріне:	4 325	1,71	7 396
3 топ мүгедектеріне:	4 325	0,74	3 201
16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	4 325	1,10	4 756
"Алтын Алқа" иегерлеріне	4 325	7,4	32 005
"Күміс алқа" иегерлеріне	4 325	6,40	27 680
Құғын-Сүргін Құрбандарына	4 325	1,23	5 320
Қазақстан Республикасына сіңірген Ерен еңбегі үшін	4 325	1,23	5 320
Совет Одағының батырларына	4 325	139	600 175
4 балалы отбастарына	4 325	16,03	69 330
5 балалы отбастарына	4 325	20,04	86 673
6 балалы отбастарына	4 325	24,05	104 016
7 балалы отбастарына	4 325	28,06	121 360
8 балалы отбастарына	4 325	32,00	138 400
9 балалы отбастарына	4 325	36,00	155 700
10 балалы отбастарына	4 325	40,00	173 000
11 балалы отбастарына	4 325	44,00	190 300
12 балалы отбастарына	4 325	48,00	207 600
13 балалы отбастарына	4 325	52,00	224 900
14 балалы отбастарына	4 325	56,00	242 200
15 балалы отбастарына	4 325	60,00	259 500
Чернобыль апатына қатысқандарға	4 325	2,13	9 212
Мемлекеттік Арнайы Жәрдемақы:			
Денсаулыққа қауіпті заттармен жұмыс атқарғандарға	4 325	9,42	40 742
Экологиялық қосымша:			
Аса қауіпті аймақта тұрғандарға	4 325	2,09	9 039
Қауіпті аймақта тұрғандарға	4 325	1,83	7 915
Балалар жәрдемақысы:			
Бала туға байланысты бір жолғы жәргеақылар:			
1, 2, және 3 бала туғанда	4 325	38	164 350
4 бала және одан жоғары санды бала туғанда	4 325	63	272 475
Бала бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне:			
1-ші балаға	4 325	5,76	24 912
2-ші балаға	4 325	6,81	29 453
3-ші балаға	4 325	7,85	33 951

4-ші және одан жоғары балаға	4 325	8,9	38 493
Мүгедек баланың күтіміне төленетін жәрдемақы			
Бала жасынан мүгедек 1-ші топтағыларға	50 851	1,61	81 870
Қайтыс болуына байланысты Жерлеуақы:			
Зейнетақы және жәрдемақы төлемдерін алушыларға	4 325	35	151 375
ҰОС на қатысқандарға	4 325	36,6	158 295
Базалық зейнетақы мөлшері 1998 жылдан бастап өзгеруіне қатысуына сәйкес			
10	ПМ	65%	33 053
11	ПМ	67%	34 070
12	ПМ	69%	35 087
13	ПМ	71%	36 104
14	ПМ	73%	37 121
15	ПМ	75%	38 138
16	ПМ	77%	39 155
17	ПМ	79%	40 172
18	ПМ	81%	41 189
19	ПМ	83%	42 206
20	ПМ	85%	43 223
21	ПМ	87%	44 240
22	ПМ	89%	45 257
23	ПМ	91%	46 274
24	ПМ	93%	47 291
25	ПМ	95%	48 308
26	ПМ	97%	49 325
27	ПМ	99%	50 342
28	ПМ	101%	51 360
29	ПМ	103%	52 377
30	ПМ	105%	53 394
31	ПМ	107%	54 411
32	ПМ	109%	55 428
33	ПМ	111%	56 445

Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ЕТҚД мөлшерінің ұлғаюына байланысты (50 851 теңге) көтеріледі.

Жоғарыдағы көрсетілген төлемдердегі өзгерістер, жаңа 2026 жылдың қаңтар айының 13 де, республика бекіткен кесте негізінде уақытында төлемге беріледі. Еске сала кететін бір жайт, жылда жылдың аяғында, төлемдердің өзгерістерін жаңа мөлшерде қайта есептеуге және онымен жылдың басында уақытылы қамтамасыз ету мақсатында, кестеден тыс желтоқсан айының зейнетақысы ертерек төленеді.

Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясының Абай аудандық бөлім басшысы М.Нұрланова



ХАБАРЛАНДЫРУ

15.01.2026ж. Абай облысы, Абай ауданы Орда ауылы, Қарашаш Мырзабекова көшесі, 44 үй «Мамай атындағы негізгі орта мектебі» ғимаратында сағат 11: 00-де "Ұзын-Бұлақ учаскесіндегі мыс кендерін барлау жоспарына» «Ықтимал әсер ету туралы есеп» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде (қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін кемінде бір сағат бұрын) жүргізіледі. Конференцияға онлайн режимде, Zoom платформасындағы бейнеконференцбайланыс арқылы мына сілтеме бойынша қосылуға болады:

<https://us05web.zoom.us/j/4964434184?pwd=M25DRE9PK3k3RUw2TDVISHVrTG1qZz09&omn=83756858443>
Конференция идентификаторы: 496 443 4184 кіру коды: 1234

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87055093937 телефоны бойынша хабарласуға болады. Тапсырыс беруші - «K-Mining» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, 200540019278, E-mail: exploration.semey@mail.ru, тел: 8(775)5356473

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші - "UkLabProject" ЖШС (тел: 8-705-795-97-08), Потанин к-сі, 35 үй, uklab@mail.ru, Өскемен қ.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>» сайтында танысуға болады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган - "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ: мекенжайы 071400 Семей қ. Тұрлыханов к-сі, 30 (7222) 35-44-32 prirodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru.

" Мекен жайы: «Абай облысы Абай ауданы Арқат ауылы әкімінің аппараты» ММ - 070100 Абай облысы, Арқат ауылы, Закария Белібаев көшесі, 2 үй. Тел. 87225993387, akim_arshat@mail.ru

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Семей қ., Дулатова 167, н.п. 1 тел: 8 7778531388 және электрондық пошта арқылы molibden67@mail.ru.

Әсер ету учаскесінің географиялық координаттары 1н. - 49012/31//, 79036/50//; 2 н. - 49012/59//, 79037/21//; 3 н. - 49012/39//, 79037/39//; 4 н. - 49012/2//, 79037/33//; 5 н. - 49012/1.5//, 79037/22//; 6 н. - 49012/31//, 79037/50//;

ОБЪЯВЛЕНИЕ

15.01.2026 г. по адресу: Область Абай, Абайский район. с.Орда, ул. Карашаш Мырзабековой д. 44 в здании «Основной средней школы им. Мама» в 11 часов:00 минут проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по «Отчету о возможном воздействии» к «Плану разведки медных руд на участке Узун-Булак»

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность (не менее чем за один час до начала проведения общественных слушаний).

Подключиться к конференции в режиме онлайн, посредством видеоконференц-связи на платформе Zoom можно по ссылке:

<https://us05web.zoom.us/j/4964434184?pwd=M25DRE9PK3k3RUw2TDVISHVrTG1qZz09&omn=83756858443>
Идентификатор конференции: 496 443 4184 Код доступа: 1234

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87055093937.

Заказчик – ТОО «K-Mining», Республика Казахстан, область Абая, город Семей, БИН: 200540019278, E-mail: exploration.semey@mail.ru, тел: 8(775)5356473

Разработчик проектной документации – ТОО «UkLabProject» (Тел: 8-705-795-97-08), ул. Потанина, дом 35, uklab@mail.ru, г. Усть-Каменогорск.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также на сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>».

Все замечания и/или предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, по телефону 8 (7222)35-44-32 или по электронному адресу: prirodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru, а так же по адресу г. Семей ул. Турлыханова, 30 ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай»

Адрес ГУ «Аппарат Акима Архатского с/о, Абайского района области Абай» - 070100 область Абай с.Архат ул. Закария Белибаева строение 2. Тел. 87225993387, akim_arshat@mail.ru

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Семей, ул. Дулатова 167, н.п. 1 тел: 8 7778531388 и по электронной почте molibden67@mail.ru.

Географические координаты участка воздействия 1т.-49012/31//, 79036/50//; 2 т.-49012/59//, 79037/21//; 3 т.-49012/39//, 79037/39//; 4 т.-49012/2//, 79037/33//; 5 т.-49012/1.5//, 79037/22//; 6 т.-49012/31//, 79037/50//;

ЖАРНАМА

«ASAR» компаниясы:

- Қаржылық көмек-әр жануяға, жеке тұлғаларға, кәсіпкерлерге, қожалықтарға
- Әлеуметтік-экономикалық жағдайларыңызды түзеуге, кредиттеріңізді жабуға көмегі тиеді.

+7-705-140-83-88

ХАБАРЛАНДЫРУ

15.01.2026ж. Абай облысы, Абай ауданы Орда ауылы, Қарашаш Мырзабекова көшесі, 44 үй «Мамай атындағы негізгі орта мектебі» ғимаратында сағат 12:00-де «Ұзын-Бұлақ учаскесінде мыс кендерін барлау жоспары» бойынша 2-санатқа әсер етуге рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде (қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін кемінде бір сағат бұрын) жүргізіледі.

Конференцияға онлайн режимде, Zoom платформасындағы бейнеконференцбайланыс арқылы мына сілтеме бойынша қосылуға болады:

<https://us05web.zoom.us/j/4964434184?pwd=M25DRE9PK3k3RUw2TDVISHVrTG1qZz09&omn=81489344665>

Конференция идентификаторы: 496 443 4184 кіру коды: 1234

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87055093937 телефоны бойынша хабарласуға болады.

Тапсырыс беруші - «K-Mining» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, 200540019278, E-mail: exploration.semey@mail.ru, тел: 8(775)5356473

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші - "UkLabProject" ЖШС (тел: 8-705-795-97-08), Потанин к-сі, 35 үй, uklab@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

15.01.2026 г. по адресу: Область Абай, Абайский район. с.Орда, ул. Карашаш Мырзабековой д. 44 в здании «Основной средней школы им. Мама» в 12 часов:00 минут проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по материалам на получение разрешения на воздействие 2 категории по «Плану разведки медных руд на участке Узун-Булак».

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность (не менее чем за один час до начала проведения общественных слушаний).

Подключиться к конференции в режиме онлайн, посредством видеоконференц-связи на платформе Zoom можно по ссылке:

<https://us05web.zoom.us/j/4964434184?pwd=M25DRE9PK3k3RUw2TDVISHVrTG1qZz09&omn=81489344665>

Идентификатор конференции: 496 443 4184 Код доступа: 1234

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 87055093937.

Заказчик – ТОО «K-Mining», Республика Казахстан, область Абая, город Семей, БИН: 200540019278, E-mail: exploration.semey@mail.ru, тел: 8(775)5356473

Разработчик проектной документации – ТОО «UkLabProject» (Тел: 8-705-795-97-08), ул. Потанина,

ХАБАРЛАМА

Қоғамдық тыңдаулар ашық отырыс нысанында өткізіледі:

1. «NTS METALL» ЖШС үшін Абай облысы Аягөз ауданында орналасқан «М-44-125- (10д-5а-15, 20, 24, 25), М-44-125-(10д-5б-11,16,21), М-44-125-(10д-5г-1,2) лицензиялық блоктарында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарының» әсер етуіне экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар;

2. 2026 жылы 27 қаңтар сағат 10:00 Абай ауданы, Жарма ауданы, Үшбиік ауылдық округі, Үшбиік ауылы, Байқара көшесі 15; мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі;

3. Тапсырыс беруші - «NTS METALL» ЖШС, ҚР, ШҚО, Өскемен қ. Тохтарова көшесі, 51, БСН 230240047317 тел. 8 (778) 648-43-42, E-mail: baysu999@mail.ru;

4. Әзірлеуші ТОО «GEO VOSTOK», (БИН 211040015757). Мекенжайы: ШҚО, Өскемен қ., Қазыбек Би даң., 18-25. тел. 8(778)-778-09-17, E-mail: baysu.too@mail.ru;

5. Жобалық құжаттама <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйеде «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған;

6. Қосымша ақпаратты тапсырыс берушінің – baysu21@mail.ru электронды мекен-жайы бойынша, 8 (778) 648-43-42 телефоны бойынша алуға болады;

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Проводятся общественные слушания в форме открытого собрания:

1. Материалы для получения экологического разрешения на воздействие по рабочему проекту к «Плану разведки на твердые полезные ископаемые на блоках:М-44-125-(10д-5а-15,20,24,25), М-44-125-(10д-5б-11,16,21), М-44-125-(10д-5г-1,2),расположенном в Аягөзском районе области Абай для ТОО «NTS METALL»;

2. 27 января 2026 г. в 10:00 проводятся общественные слушания по адресу: область Абай, Жарминский район, Ушбиикский сельский округ, с. Ушбиик, ул. Байқара 15;

3. Заказчик – ТОО «NTS METALL», РК, ВКО, г.Усть-Каменогорск, улица Тохтарова, дом 51, почтовый индекс 070016, БИН 230240047317 тел. 8 (778) 648-43-42, E-mail: baysu999@mail.ru;

4. Разработчик ТОО «GEO VOSTOK», БИН 211040015757. Адрес: ВКО, г. Усть-Каменогорск, пр. Қазыбек Би, 18-25 тел. 8 (778)-778-09-17, E-mail: baysu.too@mail.ru;

5. Документация по проекту размещена на информационной системе <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> в разделе «Общественные слушания»;

6. Дополнительную информацию можно получить по электронному адресу заказчика – baysu21@mail.ru, по номеру 8 (778) 648-43-42;

mail.ru, Өскемен қ.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>» сайтында танысуға болады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган - "Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ: мекенжайы 071400 Семей қ. Тұрлыханов к-сі, 30 (7222) 35-44-32 prirodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru.

" Мекен жайы: «Абай облысы Абай ауданы Арқат ауылы әкімінің аппараты» ММ - 070100 Абай облысы, Арқат ауылы, Закария Белібаев көшесі, 2 үй. Тел. 87225993387, akim_arshat@mail.ru

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Семей қ., Дулатова 167, н.п. 1 тел: 8 7778531388 және электрондық пошта арқылы molibden67@mail.ru.

Әсер ету учаскесінің географиялық координаттары 1н. - 49012/31//, 79036/50//; 2 н. - 49012/59//, 79037/21//; 3 н. - 49012/39//, 79037/39//; 4 н. - 49012/2//, 79037/33//; 5 н. - 49012/1.5//, 79037/22//; 6 н. - 49012/31//, 79037/50//;

дом 35, uklab@mail.ru, г. Усть-Каменогорск.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также на сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>».

Все замечания и/или предложения принимаются не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП, по телефону 8 (7222)35-44-32 или по электронному адресу: prirodnyue-resursy-obl.abay@mail.ru, а так же по адресу г. Семей ул. Турлыханова, 30 ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай»

Адрес ГУ «Аппарат Акима Архатского с/о, Абайского района области Абай» - 070100 область Абай с.Архат ул. Закария Белибаева строение 2. Тел. 87225993387, akim_arshat@mail.ru

Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Семей, ул. Дулатова 167, н.п. 1 тел: 8 7778531388 и по электронной почте molibden67@mail.ru.

Географические координаты участка воздействия 1т.-49012/31//, 79036/50//; 2 т.-49012/59//, 79037/21//; 3 т.-49012/39//, 79037/39//; 4 т.-49012/2//, 79037/33//; 5 т.-49012/1.5//, 79037/22//; 6 т.-49012/31//, 79037/50//;

7. Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz, g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz. ТРБ почтасына.

8. Әсер ету аймағы:

Географиялық координаттар:

№	ш.б.	с.е.
1	80° 14' 0»	48° 28' 0»
2	80° 16' 0»	48° 28' 0»
3	80° 16' 0»	48° 25' 0»
4	80° 17' 0»	48° 25' 0»
5	80° 17' 0»	48° 24' 0»
6	80° 15' 0»	48° 24' 0»
7	80° 15' 0»	48° 25' 0»
8	80° 13' 0»	48° 25' 0»
9	80° 13' 0»	48° 26' 0»
10	80° 14' 0»	48° 26' 0»

Тыңдауларға қатысу үшін сілтеме бойынша өту қажет <https://us05web.zoom.us/j/2137154444?pwd=YOM2t6nC3jSvIa6Xi0LVi3B79GYnjl.1&omn=82878098742>

Конференция идентификаторы: 213 715 4444, Күпі сөз: 12345678

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 10 минут бұрын, жеке куәлікті көрсеткен кезде басталады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

7. Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по адресу: ndbecology.gov.kz, на почту УПР g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz.

8. Территория воздействия:

№	в.д.	с.ш.
1	80° 14' 0»	48° 28' 0»
2	80° 16' 0»	48° 28' 0»
3	80° 16' 0»	48° 25' 0»
4	80° 17' 0»	48° 25' 0»
5	80° 17' 0»	48° 24' 0»
6	80° 15' 0»	48° 24' 0»
7	80° 15' 0»	48° 25' 0»
8	80° 13' 0»	48° 25' 0»
9	80° 13' 0»	48° 26' 0»
10	80° 14' 0»	48° 26' 0»

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке

<https://us05web.zoom.us/j/2137154444?pwd=YOM2t6nC3jSvIa6Xi0LVi3B79GYnjl.1&omn=82878098742>

Идентификатор конференции: 213 715 4444, Пароль: 12345678

Регистрация начинается за 10 минут до начала обсуждения, при предъявлении удостоверении личности.



● Жаңа тағайындау

УЧАСКЕЛІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ
ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Кеңгірбай би ауылына Ауылымыздың қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртібін нығайту мақсатында жаңа учаскелік полиция қызметкері Абай Обылысы ПД Абай АПБ ҚҚБ учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Ақатаев Абылайхан Мағауияұлы тағайындалды.

Бұл шешім тұрғындардың тыныштығын қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және әр азаматтың қауіпсіздігін жоғары деңгейде сақтауға бағытталған маңызды қадам болды.

Бұған дейін осы қызметті абыроймен атқарған Мұқанов Айбек Оразғалиұлы еңбек демалысына шықты. Осы себепті ауыл әкімі Д.Амангелдин А. Мұқановты қызмет барысында жоғары жауапкершілік пен кәсіби біліктілік көрсетіп, өзіне жүктелген міндеттерді адал атқарғаны үшін марапаттап, қоғамдық тәртіпті сақтау жолындағы еңбегі мен тұрғындармен тиімді жұмыс жүргізудегі үлесі атап өтіліп, қызметтегі табандылығы мен тиянақтылығы үшін алғыс білдірілді.

«Еңбегінің еңбегі бар» демекші, бұл марапат оның адал еңбегінің нәтижесі және қызметтік жолындағы жарқын жетістіктерінің бірі болып табылады.

Жаңа учаскелік инспектор, полиция аға лейтенанты Ақатаев Абылайхан Мағауияұлы кәсіби тәжірибесі мол, тәртіп сақшысы ретінде жауапкершілікті терең сезінетін маман. Ол ауыл тұрғындарымен тығыз байланыста жұмыс істеп, әрбір отбасының қауіпсіздігін басты назарда ұстайтынын жеткізді. Сонымен қатар, жастармен профилактикалық жұмыстар жүргізу, қоғамдық орындардағы тәртіпті қадағалау және тұрғындардың өтініш-шағымдарын дер кезінде қарау – оның негізгі міндеттерінің бірі.

Ауыл тұрғындары жаңа учаскелік полиция қызметкерін жылы қабылдап, оның алдағы еңбегіне толағай табыс тілеп, ауыл тыныштығына оң әсер етеді деген сенімділіктерін білдірді. Өз кезегінде инспектор ауыл жұртшылығымен бірлесе отырып, қауіпсіз орта қалыптастыруға бар күшін салатынын айтты.

Сайып келгенде жаңа учаскелік полиция инспекторының келуі – ауылымыздың қауіпсіздігі мен тәртібін күшейтуге жасалған үлкен қадам.

Мекен-жайы:

Кеңгірбай би ауылы, С.Сүндетбаев көшесі, 22А

Абай АПБ-нің кезекші бөлімі телефоны:

8-72252-9-13-26, 102

Ұялы телефоны: 8-707-676-02-26

Кеңгірбай би ауылы

● Сот

ӘДЕП КОДЕКСІ – СУДЬЯЛАРДЫҢ БЕТКЕ
ҰСТАЙТЫН БАҒДАРЫ

Қоғамдағы әділет жүйесінің беделі ең алдымен судьялардың әдебі мен мінез-құлқына тікелей байланысты. Сол себепті судья қызметіндегі кәсібилік тек заңды білуімен ғана өлшенбейді, оның адамгершілік келбеті мен этикалық ұстанымдары да шешуші маңызға ие. Осы тұрғыда Әдеп кодексі – әр судьяның қызметтік жолындағы айнымас құралы, жауапкершілікті сезіндіретін басты бағдаршам.

Судья әдебі – қоғам сенімінің тірегі. Заң талаптарының мүлтіксіз орындалуы, әділ шешімнің шығарылуы, азаматтардың құқықтарының қорғалуы — мұның барлығы судьяның ішкі мәдениетімен, парасатымен және моральдық ұстанымдарымен тығыз байланысты. Әдеп кодексі осы құндылықтарды нақтылап, судьяның күнделікті іс-әрекетіне бағыт-бағдар береді.

Кодекс ең алдымен тәуелсіздік, парасаттылық, адалдық, бейтараптылық, сыйластық секілді басты принциптерді бекітеді. Судья қандай да бір ықпалға, қысымға, жеке мүддеге жол бермеуі тиіс. Оның әр сөзі мен шешімі тек құқық үстемдігіне негізделуі керек. Бұл талаптар кодексте айқын көрсетілген және судьяның қызметтік беделін қалыптастыруға қызмет етеді.

Сонымен қатар, Әдеп кодексі судьяның қоғаммен, әріптестерімен, сотқа қатысушылармен, тіпті әлеуметтік желідегі мінез-құлқына дейін реттейді. Қоғамдық ортадағы әр әрекет судья мәртебесіне әсер ететіндіктен, ол жоғары жауапкершілікпен әрекет етуге міндетті. Кодекс осы жауапкершіліктің шеңберін нақтылап, этикалық шектеулерді белгілейді.

Әдеп қағидаларын сақтаудың түпкі мақсаттарының бірі – сот жүйесіне деген халық сенімін арттыру. Себебі әділ соттың символы – заңға ғана емес, адамгершілікке де адалдық танытқан судья. Халық сенімі болмаса, ешбір құқық жүйесі толыққанды жұмыс істей алмайды.

Қорытындылай айтқанда, Әдеп кодексі – судьялардың кәсіби жолындағы адастырмайтын бағдаршам, олардың бетке ұстайтын негізгі бағдары. Бұл құжат судьяның қоғам алдындағы абыройын сақтап, сот төрелігінің әділ әрі ашық жүзеге асуына көпін болды.

Абай аудандық сотының бас маманы сот
отырысының хатшысы
Д.Жапалова

● Сот

МЕДИАБИЛЬДІ ІСТЕР

Қазіргі сот жүйесінде дауларды шешудің тиімді, жылдам әрі тараптардың мүдделерін барынша ескеретін тетіктерді дамыту маңызды. Соның бірі – медиабильді істер, яғни медиация арқылы шешуге жататын даулар. Медиабильді істер институты қоғамдағы құқықтық мәдениетті көтеруге, сот жүктемесін азайтуға және азаматтардың дауды бейбіт жолмен реттеу дағдыларын қалыптастыруға зор ықпал етеді.

Медиабильді істер – тараптардың ерікті келісімі негізінде кәсіби медиатордың көмегімен шешуге болатын азаматтық, еңбек, отбасылық, кейбір қылмыстық-құқықтық сипаттағы даулар. Бұл істер бойынша тараптар шиеленісті ұлғайтпай, өзара тиімді шешімге келуге мүмкіндік алады.

Қазақстан Республикасында медиация институты «Медиация туралы» заңмен реттеледі. Заңда медиацияның қағидаттары нақты көрсетілген:

- еріктілік
- теңдік және бейтараптық
- құпиялылық
- тараптардың өз шешіміне өздері келуі

Бұл қағидаттар медиабильді істердің әділ әрі тиімді жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Медиабильді істердің артықшылықтары:

Уақыт үнемдеу – сот процесіне қарағанда әлдеқайда жылдам жүріп, бірнеше сағат немесе бір-екі күн ішінде аяқталуы мүмкін.

1. Қаржылық тиімділік – тараптар қосымша

шығындарға ұшырамайды, мемлекеттік баж азаяды немесе мүлде алынбайды.

2. Құпиялылықтың сақталуы – тараптар арасындағы ақпарат жарияланбайды.

3. Қарым-қатынастың сақталуы – отбасылық, көршілік, еңбек дауларында маңызды.

4. Тараптарға қолайлы шешім – медиатор ұсынатын емес, тараптар өздері қабылдайтын шешім.

5. Медиабильді істердің түрлері

- Азаматтық-құқықтық даулар (қарыз дау-дамайлары, мүлтік даулар)
- Отбасылық даулар (неке бұзу, алимент, мүлікті бөлу, бала тәрбиелеу)
- Еңбек даулары
- Кіші ауырлықтағы қылмыстық істер (тараптардың татуласуы арқылы тоқтатылатын)
- Коммерциялық даулар

Медиабильді істер саны жыл сайын артып, медиация мәдениеті қалыптасып келеді.

Медиабильді істер – қоғамдағы жанжалдарды өркениетті жолмен шешудің маңызды құралы. Ол азаматтардың құқықтық санасын арттыруға, дауласушы тараптардың өзара құрметке негізделген келісімге келуіне мүмкіндік береді. Қазақстандағы медиация институтының дамуы сот жүйесін жаңғыртудың маңызды бағыты және құқық үстемдігін нығайтудың тиімді тетігі болып табылады.

Абай аудандық соты.

ТІЛ ҮСТЕМДІГІ – ЗАҢМЕН ҚАДІРЛІ

Тіл – ұлттың жаны, елдіктің өзегі, рухани болмыстың тұғырлы діңгегі. Қай заман, қай қоғамда болмасын мемлекет өзінің тәуелсіздігін ең алдымен тіл арқылы айқындайды. Сондықтан тіл мәселесі – тек лингвистикалық ұғым ғана емес, ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұтастықтың аса маңызды факторы. «Тіл үстемдігі – заңмен қадірлі» деген ұғым осының дәлелі. Яғни тілдің мәртебесі сөз жүзінде емес, нақты құқықтық нормалар мен қоғамдық жауапкершілік арқылы қорғауды қажет етеді.

Заң – тілдің тірегі

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Тіл туралы» Заңы қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде бекітті. Бұл – мемлекеттік басқарудан бастап, білім, медицина, құқық, қоғамдық қызмет көрсету сынды барлық салада қазақ тілінің үстем қолданылуы тиіс дегенді білдіреді. Себебі құқықтық норма – тіл саясатының түп қазығы. Заңмен бекітілмеген тіл мәртебесі уақыт өте әлсіреп, құндылығын жоғалтатыны тарихтан белгілі.

Заңның күші тілдің әлеуметтік кеңістігін қалыптастырады:

- мемлекеттік органдардың құжат айналымы;

– білім беру ұйымдарының оқыту стандарттары;

– жарнама және ақпарат құралдарындағы тіл нормасы;

– бизнес пен қызмет көрсету саласындағы тұтынушылық құқықтар.

Қазақ тілінің бұл салаларда орнығуы – тілдің тек мәдени мұра емес, нақты қоғамдық құрал екенін көрсетеді.

Тіл үстемдігі – құр ұран емес

Тіл үстемдігі ұлттың үстемдігі деген ұғыммен шатастырылмауы тиіс. Тілдің үстемдігі – оның барлық азамат үшін қолжетімді, қажетті және тиімді болуымен өлшенеді. Бұл ұран емес, мемлекеттік басқару тетігі.

Тіл үстемдігі бірнеше деңгейде іске асады:

Құқықтық үстемдік: мемлекеттік тілдің міндетті норма ретінде сақталуы.

Әлеуметтік үстемдік: қазақ тілінің күнделікті өмірде еркін қолданылуы.

1. Мәдени үстемдік: әдебиет, БАҚ, ғылым мен өнердің қазақ тілінде дамуы.

2. Экономикалық үстемдік: қазақ тілін білудің еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуы.

3. Егер тіл тек мәдени мұра деңгейінде қалса, ол қоғамды біріктіретін күшке айнала алмайды.

Тілге деген құрмет заңмен бекіп, әрекетке айналғанда ғана оның қадірі артады.

Заң орындалмай, тіл орнықпайды. Тіл мәртебесінің артуы үшін заң бар болуы жеткіліксіз, оның орындалуы маңызды. Бұл жерде жауапкершілік тек мемлекетке емес, азаматтарға да жүктеледі.

– Мемлекеттік қызметкер заң талаптарын орындауға міндетті.

– Әрбір мекеме тұтынушыны мемлекеттік тілде ақпараттандыруға тиіс.

– Әрбір азамат мемлекеттік тілді меңгеруге құқылы әрі борышты.

Заңның орындалуы – қоғамдық мәдениетпен тығыз байланысты. Тілге деген құрмет отбасыда, мектепте, қоғамдық ортада қалыптасады.

«Тіл үстемдігі – заңмен қадірлі» деген ұстаным – бүгінгі Қазақстан үшін ерекше мәнге ие. Себебі тілдің үстемдігі – ұлттың рухани тәуелсіздігінің кепілі. Заң тілді қорғайды, ал қоғам оны дамытады. Екеуі үйлесім тапқанда ғана қазақ тілі шын мәнінде мемлекеттік тіл ретінде биік мәртебеге ие болады.

Абай аудандық сотының төрағасы М.К.Букбаев

■ Қоғам мәселесі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ПАРАҚОРЛЫҚ ФАСЫР ДЕРТІ



Мемлекетіміздегі аса қауіпті індет-сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік органдардың жұмысына және азаматтардың сеніміне әсер ететін аса маңызды тәуекелдердің бірі болып қала береді.

Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Қазақстанда Мемлекеттік қызметтің барлық қызметкерлері үшін міндетті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың нақты стандарттары қолданылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

- * сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік;
- * қызметтік әдеп нормаларын сақтау;
- * шешім қабылдаудағы ашықтық;
- * мүдделер қақтығысының алдын алу;
- * мемлекеттік органның әрбір қызметкерінің жеке жауапкершілігі.

Азаматтар да маңызды рөл атқарады-олардың құқықтарын білу және сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау маңызды.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық- заманмен бірге қайда мол қаражат болса, сол жерге тамыр жайып, күні бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау мүшелерді шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Ол үшін қоғам болып Мемлекеттің экономикалық және саяси тұрақтылығына қатер төндіретін сыбайлас жемқорлыққа бірге қарсы тұруымыз керек.

Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады.Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Жәкішбекова Нұрсұлу ҒАЗЫМБЕКҚЫЗЫ,
Абай аудандық қазынашылық
басқарма басшысының орынбасары

